

Бастапқы нөмір: _____



ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫ ҚОЛХАТЫ
кәмелет жасына жетпеген адамның өмірі мен денсаулығы үшін жауаптылық
туралы
(өзі толтырады)

Мен (Т.А.Ә.) _____,

ЖСН _____, _____ жылы туғанмын, жеке
басымды куәландыратын құжат: (жеке қуәлік, ықтиярхат, паспорт) №
_____, _____ ж.«_____» _____,

берілген (берілген күнін және кім бергенін көрсету қажет), кәмелет жасына жетпеген адам
(Т.А.Ә) _____ (бұдан әрі – «Қатысушы»)

ЖСН _____, _____ жылы туған, ата-анасы
(занды өкілі) болып табыламын және менің баламның «**Super Sapienz**» ЖШС (бұдан
әрі – «Ұйымдастыруши») ұйымдастыруымен 2024 жылғы «26» мамырда Қонаев
қаласында өтетін «**QAZAQ MARATHON 2024**» жүгіру жарысына (бұдан әрі – «Жарыс»)
(дистанция : _____) қатысуына келісімімді беремін.

Баламның 2024 жылғы «26» мамырда жүгіру жарысына қатысуына байланысты
мен қол қоя отырып, төмендегілерді растаймын, оларды мойындаймын және өз
атымнан олармен келісемін:

1. Баламның Жарысқа қатысуына келісімімді беремін және менің баламның
Жарысқа қатысуға қойылатын шарттармен, қағидалармен, Ұйымдастыруышының
<https://www.qazaqmarathon.kz> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылған
Жарысты өткізу туралы регламентпен, медициналық қарсы көрсетілімдермен
тәнисқанын растаймын. Ұйымдастыруышы растайтын құжаттарды ұсынуға сұрау салған
жағдайда оларды ұсынуға міндеттенемін;

2. Баламның физикалық жағдайы және дайындығы талаптарға сай екенін,
баламның Жарысқа қатысу үшін дәрігерлерден қажетті рұқсаты бар екенін және менің
баламның өмірі мен денсаулығы үшін жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін
спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдер жоқ екенін растаймын. Баламның қауіпсіздігі
мен денсаулығы үшін өзім жауап беремін;

3. Алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас күйде емес екенімді растаймын,
сондай-ақ әрекетке толық қабілетті екенімді растаймын, адасу, алдану, қауіп
жағдайында болу, қасақана келісу немесе ауыр мән-жайлар әсерінде емес екенімді
растаймын;

4. Жарысқа қатысушы ретінде баламның өлімі немесе жарақат алуды, меншікті
мүліктің жоғалуы немесе бүлінуи жағдайында, сондай-ақ Жарысқа қатысушы ретінде
балама Жарыс уақытында келтірілген кез келген физикалық залал үшін
Ұйымдастыруышы жауапты болып табылмайтынын растаймын, Жарысқа қатысушы
ретінде баламның өмірі мен денсаулығына еңбекке жарамсыздығына, өліміне алып
келетін зиян келтірілген, сондай-ақ жеке мүліккебекке залал келтірілген немесе ол бүлінген
жағдайда Ұйымдастыруышыны жауаптылықтан, сотпен қудалаудан босатамын және
Ұйымдастыруышыға, олардың өкілдеріне және/немесе жұмыскерлеріне, Жарыс
демеушілеріне қандай да бір материалдық және өзге де наразылықтар/талаптар
білдіруден алдын ала бас тартамын. Осы талаптан бас тарту менің ықтимал
мұрагерлеріме, құқықтық мирасқорларыма, қорғаншыларыма Жарысқа дейін, Жарыс
кезінде және Жарыстан кейін қолданылады;

5. Егер Жарысқа қатысу кезінде баламмен жазатайым оқиға орын алса, бұл туралы: _____ телефоны бойынша хабарлауды өтінемін (ұялы телефон нөмірін көрсету қажет);

6. Жарыс кезінде ешқашан және ешбір жағдайда мен және менің балам қасақана басқа қатысушыларға, Ұйымдастырушыға және Жарыстың демеушілеріне, бөгде адамдарға, сондай-ақ мүлікке зиян келтіретін жағдайлар жасамаймыз;

7. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұйымдастырушының Сайтында Жарысқа қатысу үшін баламның тіркеу нысанын толтыра отырып және осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды Ұйымдастырушыға ұсына отырып, Жарысқа қатысу үшін баламның тіркелуін қамтамасыз ету мақсатында ғана Жарыс Ұйымдастырушының берілетін менің және баламның дербес деректерін жинауға, өндөуге, пайдалануға және сақтауға келісімімді беремін;

8. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабына сәйкес Ұйымдастырушының спорттық іс-шараларды насиҳаттауы, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін насиҳаттау мақсатында, осымен Ұйымдастырушының немесе Ұйымдастырушының атынан және оның мүддесіне әрекет ететін үшінші тұлғалардың менің және баламның Жарысқа қатысу бейнесінің бейне және фототүсірлімдерін (фотосуреттер және/немесе бейнероликтер) жүзеге асырына келісімімді беремін, сондай-ақ менің және баламның бейнесін кез келген тәсілмен мерзімін және пайдалану аумағын шектемей жариялауға, көрсетуге және таратуға келісімімді беремін. Осы келісімді тегін және мерзімін белгілеусіз беремін;

9. Мен және балам Жарысты өткізу туралы регламентпен таныстық, оларды бұзған жағдайда баламның жарыстан шығарылатынын түсінеміз;

10. Осы Талаптан бас тарту туралы қолхатпен таныстым. Жоғарыда көрсетілген барлық шаттардың мағынасын және мәнін толық түсіндім. Осы Қолхатқа ерікті түрде және ешбір мәжбүрлеусіз, толық қабілетті бола тұра қол қоямын.

Қолхаттың жасалған күні : 2024 ж. «___» _____.

Қолы: _____